

Сейсембай, Т.Т.

гуманитарлық ғылымдар магистрі,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ аға оқытушысы
Алимбаева, Ж.М.

«5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 4 курс студенті,
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,
Қостанай, Қазақстан

ЛАТЫН НЕГІЗДІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Түйін

Заманауи ұлттық әліпби – ұлттық жазудың сан жылдар бойы жинақталған тәжірибесінің қорытындысы. Себебі қазақ әліпбиі тек қана фонемаларды таңбалайтын әріптер жүйесі ғана емес, сондай-ақ қазақ жазуын, мәдениетін, тарихын бейнелейтін жазудағы өкілі. Ұсынылып отырған мақала ұлттық жазуымызды меңгерудің педагогикалық-психологиялық аспектілерін қарастырады.

Кілт сөздер: ұлттық әліпби, педагогика, психология, емле, методика.

I Кіріспе

Ұлттық таным – барлық элементтері ұлттық тілде қалыптасқан белгілі бір ұлттық-этникалық топтың, қауымдастықтың рухани даму көрсеткішін, ерекшелігін және мазмұның сипаттайтын діни және дүнияуи, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және тағы да басқа көзқарастардың жинақталған жүйесі. Ал ұлт санасының жүйесі жазу арқылы қалыптасады, жинақталады, жүйеленеді, ұрпақтан-ұрпаққа қалып отырады.

Жаңа ұлттық әліпбиді, оның емле ережелері мен заңдылықтарын оқытып үйрету үдерісінің нәтижелі болуы, ең алдымен, оқушылардың нақты объективті мақсаттар мен міндеттерді ұғынуына тікелей байланысты. Осы тұрғыда алып қарағанда, жаңа ұлттық әліпбиді оқытып, үйретуді ең алдымен оқушылардың индивидуалды ерекшелігін ескеру арқылы іске асыруға болатыны айқын дүние. Бұл қағида оқушының жеке тұлғалық ерекшелігіне тән барлық қасиеттерді психологиялық, педагогикалық тұрғыдан зерттеуге және онымен әрдайым санасып отыруға негізделген.

Жұмыстың мақсаты: Жаңа ұлттық әліпбиді оқытудың педагогикалық-психологиялық аспектілерін анықтау.

2 Материалдар мен әдістер

Зерттеу Ө. Сұлтангазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің 4-курс студенттерінің талқылауы, пікір таласы, сабақ үстіндегі практикалық жұмыстары арқылы жүзеге асты. Зерттеу әдіс-тәсілдері С. Мәуленов атындағы гимназияның 9-сынып оқушыларына тәжірибе сабақ үстінде қолданылды. Оқушыларға жаңа ұлттық әліпбиді меңгеру үшін олардың физиологиялық ерекшеліктері ескерілді.

3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Педагогикалық психология – білім мен тәлім берудің психологиялық негіздерін зерттейтін сала. Ол жастың даму психологиясымен тығыз байланыста, себебі, тәрбиелеу мен білім берудің психологиялық қағидаларын оқытындардың жас мөлшерін және жеке тұлғалық өзгешіліктерін ескермейінше дамыту мүмкін емес.

Жаңа ұлттық әліпбиді оқыту жеке дара тілімізді үйрету үрдісімен тығыз байланыста жүзеге асады. Қазақ тілінің латын графикасына негізделген дыбыстық құрамының айтылу, жазылу заңдылықтарын оқытпай, жаңа ұлттық әліпбиді меңгерту мүмкін емес. Қазақ тілінің латын графикасына негізделген орфоэпикалық құрамын оқытқанда, жаңа әліпби дыбыстарын

оқушыға оқытумен бірге, ол дыбыстардың жазылуы да, айтылуы да үйретіледі. Ал ол емле, орфоэпия салаларының жүйесінен оқушыға білім беру деген сөз. Алайда ол білім оқушының сөздерді дұрыс оқу, айту, дұрыс жазуға дағдыландыру мақсатына бағытталады.

Сонымен бірге жаңа әліпби бойынша дыбыстарды өткенде, олардың жазылу емлесі де өтіледі, емленің грамматикамен байланысты өтілуі – өзге мәселе. Дұрыс жазуға бейімдеу әдіс-тәсілдері дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету әдіс-тәсілдерінен басқа болатыны белгілі. Дыбыстардың дұрыс айтылуын қалыптастырғанда оқушының есту мүшелері қызмет етуіне байланысты, оқыту әдіс-тәсілдері де соған лайықты түрде қолданылады. Себебі жаңа графикада берілген дыбыстарды үйрету көз шалымына, яғни әріпті көріп қабылдауына тығыз байланысты. Сондықтан мұнда кестелер, емле сөздіктері, карточкалар сияқты көз шалымына сай жазуға қатысты түрлі әдіс-тәсілдер орын алады [1].

Тіл – адамдардың қарым-қатынастарының, бір-бірімен байланысудың құралы болғандықтан, осы қызметті атқаруда ол – әрекеттің ерекше түрі болып саналады. Тілді әрекет ретінде санау, оқыту үрдісінің мақсатына сәйкес келеді. Сондықтан тіл – әрекет теориясының негізінде қаралу керек.

Қатысымдық бағытта сөйлеу бөліктерінің жүйесі бар. Олар: сөйлем, абзац, мәтін, оған топтық байланыстылық, дербестілік, сонымен бірге тұйық құрылыс, тұйық мағыналы қорытынды тән.

Психологтардың пікірі бойынша қай заманда болмасын ой тудырудың, ойды білдірудің қарапайым түрі біздің үш мүшелік сөйлемге келеді. Сондықтан қарым-қатынаста біз әріптесіміздің ойларын бірден оңай қабылдаймыз. Демек, біркелкі ойлау арқылы адамдардың бірінші тілден екінші тілге көшуге мүмкіндігі бар. Жаңа ұлттық әліпбиді меңгеру үрдісі де дәл сол жайға негізделген.

Жаңа графикаға негізделген тілді меңгертудің нәтижелі болуы мына нәрселерге байланысты: оқушының психологиялық жағдайы, қабілеті, мұғалімнің тәжірибесі, шеберлігі, оқулықтар мен көмекші құралдар, оқыту құралдары, оқыту тәсілдері, көрнекілік пен оның тартымдылығы, бірімен жақсы қарым-қатынасы, оқушылардың ұйымдаса оқуға икемділігі олардың латын графикасына негізделген қазақ тілін оқуға деген өз ынталары, оқу бөлмесінің тартымдылығы, т.б.

Әрбір сабақтың мазмұнына қарай оқыту әдіс-тәсілдерін таңдауда мұғалімдердің психологиялық ерекшеліктеріне айрықша мән беріледі. Демек, оқушы тілдік материалды терең түсініп, саналы түрде меңгеру үшін, оның ішкі заңдылығы мен өзара байланысын дұрыс анықтай білуі қажет.

Оқушы алғашқы сабақтан бастап, латын графикасына негізделген қазақ тілін оқу барысында тілдегі қолданылатын түрлі атауларды, мысалы, әріп-дыбыс, сөз, сөз тіркесі, фраза, сөз жасаушы қосымшалар, орфографиялық және орфоэпиялық ереже, анықтамаларды оқып үйренеді. Қазіргі тіл үйренушілердің көбі ағылшын тілін жақсы біледі. Сондықтан олар латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін ағылшын тілінің таңбаларының үстіне қосымша таңба ретінде қабылдауы да мүмкін. Ондай жағдайда бұл латын графикасына негізделген қазақ тілін меңгеруді қиындатады. Әрине, латын графикасына негізделген қазақ тілдің мәліметтерін оқушылар бірден меңгеріп кету мүмкін емес, тек оның негізгілерін ғана есте сақтауы мүмкін.

Алайда тілдің таңбаларын есте сақтау латын графикасына негізделген қазақ тілін меңгерту үшін жеткіліксіз. Оқушыға тілдік таңбаларды орынды, дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру керек.

Дағдының физиологиялық механизмдері – жоғары жүйке жүйесіне бағынатын шартты рефлексстер жүйесі, оның алғашқы сигналды системада жасалуы. Қарапайым сөзбен айтқанда, дағды әрекеттің адам бойында орнығуы. Қазақ тілін оқытуда мұғалім сөйлеудің түрлерін жаңа әліпби негізінде оқытады, үлгілерін көрсетеді, оған оқушыны дайындайды, оны ақыл-ой өзегінен өткізіп, саналы түрде қолдануға жеткізеді. Оқушының жаңа тілдік таңбаларды дұрыс қолдануы, жазуы да автоматтандырылған әрекет ретінде оның санасында орнығуы сөйлеу, жазу дағдысының қалыптасуы деуге болады.

Психолог С.Л. Рубинштейн өз кезегінде: «Дағды саналы түрде автоматтандырылған қимыл-әрекет түрінде көрінеді, ал онан соң әрекеттің автоматтаған тәсілі ретінде қызмет атқарады» – деген екен [2].

Тіл оқыту процесінде психикалық үрдістердің табиғатын ескеру маңызды. Психологтар пікірінше, тілді оқытуда оқушының ойлау қабілетінде, оның алғашқы алған біліміне сүйеніп, сөйлеу дағдыларының саналы түрде қалыптастыру пайдалы. Сөйткенде ғана қажетті дағдылар орнықты, нық қалыптасады.

Сөйлеуге қажетті тілдік тұлғалар алдымен аз сақталатын ес арқылы қабылданады, содан кейін барып, жаттығулар, қайталаулар, аудио және видео жазбаларын, т.б. пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін арттыру дағдыға айналып отыр. Күнделікті сабақта қолданылатын түрлі техникалық құралдар, көрнекі видео материалдар оқушылардың түсіндірілген материалды саналы меңгерулеріне ықпал жасайды.

Оқушылардың түрлі сезім мүшелеріне әсер етуде техникалық құралдардың әсері өте күшті екені дәлелдеу керек етпейді. Алайда жаңа әліпбиді үйренушілердің сезім мүшелерінің бәрін іске қосу арқылы үйретудің мәні зор. Көру, есту мүшелері, ойлау, жазу арқылы маторлы қимыл жасаушы қолды іске қосып, тілдік материалды түсіндіруде оқушының зейінін бір мәселеге аударудың бәрі олардың сезіміне жан-жақты әсер етуді жүзеге асыруға тиіс. Ол үшін оқушының барлық мүшелерін іске қосатындай амал-тәсілдер, құралдар қолдану арқылы сабақты жоспарлаудың маңызы ерекше.

Оқу-тәрбие үрдісінде ең қажет нәрсенің бірі – әрбір оқушы мен педагогтың психологиялық жағынан дайындығы. Негізінен, тілдің жаңа ұлттық әліпбиін үйретуде мұғалім сабақты психологиялық қырынан тартымды қылып құру үшін, мына мәселелерді ескеру шарт: материалдың нақтылығы, түсініктілігі, мұғалімнің түсіндіру шеберлігі, оқушылардың сенімі, жаңа әліпбиді іштей қабылдау уәжі, оқушының зейіні жан-жаққа бөлінуіне мүмкіндік берілмеуі.

Жаңа ұлттық әліпбиді оқыту, сонымен қатар, жалпы дидактиканың теориясына негізделеді. Атап айтқанда, дидактиканың ұстанымдарына сүйене отырып, жаңа ұлттық әліпбиді оқыту әдістерін, тәсілдерін, амалдарын белгілей аламыз.

Дидактикалық ұстанымдардың бірі – жаңа ұлттық әліпбиді саналы меңгерту. Егер де оқушы алған білімінің ғылыми мәнін сонына дейін толықтай түсінбесе, әр алуан түрде қолдана білмесе, онда ол білімді үстіртін ұққанға жатады. Өйткені, ондай білім саналы түрде меңгерген білім емес, тек ереже, емле заңдылықтарын және материал мазмұнын жаттау жолымен қабылданған білім болып саналады. Ол тез ұмытылады да, адамдармен қарым-қатынас құралы ретінде қолдана алмайды.

Жаңа ұлттық әліпбиді саналы түрде оқып, үйренген оқушы ол тілдік қарым-қатынас жасай алады. Ондай үйренуші белгілі жағдайда өзінің тілдің таңбаларды неге олай қолданғанын, оны басқаша қалай айтуға болатынын түсіндіріп, дәлелдей де алады. Бұл саналы білімнің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Ал жаңа ұлттық әліпбиді саналы меңгеру дегенді тілдің тілдік таңбаларын, олардың сөйлеуде, жазылуда қолданылу жолдарын, заңдылықтарын оқу кезінде жақсы түсіну, түсіне отырып, есінде сақтау, оларды қолдану дағдысын өзінде саналы түрге қалыптастыру, қалыптасқан дағдыны сөйлеу, жазу кезінде қолдана білу деп түсіну керек. Оқушы тілдік заңдылықтарды білумен бірге, олардың қолдану жүйесін де білуге тиісті, оны білмейінше, жаңа ұлттық әліпбиді ауызша және жазбаша қарым-қатынаста қолдана алмайды. Ал бұл – жаңа ұлттық әліпбиді тек қана саналы түрде оқығанда, үйренгенде жүзеге асатын құбылыс. Бұл арада екі нәрсеге ерекше мән берілген жөн, олар оқушының:

1. Жаңа ұлттық әліпбидің емлесі туралы білімі.
2. Жаңа ұлттық әліпбиді қолдана білуі.

Сонымен қатар, жаңа ұлттық әліпби бойынша тілдік мәліметтер оқушының білетін біліміне сүйене отырып, жалғастық ұстанымы бойынша оқытылуға тиісті. Мысалы, жаңа ұлттық әліпби арқылы тіл үйретуде сөйлем мүшелері, сөз таптарының анықтамасын, ережесін жаттатпай-ақ, оны бұрынғы алған білімінің негізіне сүйеніп оқытуға болады. Сондық-

тан оқушының қазақ тілінен бұрынғы біліміне сүйену арқылы жаңа ұлттық әліпбиді үйретудің ұтымды жолдарын тауып, соның негізінде оқыту нәтижелі болады деп сенуге болады.

Сонымен қатар жаңа ұлттық әліпбиді оқытуда дидактиканың жеңілден ауырға деген ұстанымының да маңызы зор. Мысалы, алғашқы үйретілген дыбысты, сөзді таңдауда бір буынды сөзді үйрету мен көп буынды сөзді үйретуді салыстырып, оқушы оның қайсысын тез үйренеді деген сауалға көбіне бір буынды сөзді тез меңгереді деп жауап қайтарады. Бұл жаңа ұлттық әліпбиді оқытудың алғашқы кезеңінде ұсталса, сол қалыпта қалу мүмкін емес. Өйткені барған сайын оны күрделендіріп отыру қажет. Сондықтан да жаттығуларда, мәтіндерде жаңа ұлттық әліпбиде берілетін мәліметтер де барған сайын күрделеніп отырған жөн.

5 Қорытынды

Қорытындылай келе, әр адамның тұлғалық ерекшелігінен басқа жалпыға ортақ қасиеті де болатынын ұмытпағанымыз жөн. Міне сондықтан да жаңа ұлттық әліпбиді оқып үйрену әрекетінің жалпы оқушы қауымға тән мынадай педагогикалық-психологиялық сипаттарын атауға болады:

- 1) Жаңа ұлттық әліпбиді үйренуге деген жағымды уәжі, қызығулары;
- 2) Жаңа ұлттық әліпбиді үйренудің маңыздылығы саналы түсінуі;
- 3) Жаңа ұлттық әліпбиді оқып үйрену міндеттерін анықтай алу;
- 4) Оны орындаудың тиімді амалдары мен тәсілдерін белгілей алуы;
- 5) Әр оқушының жаңа ұлттық әліпбиді үйрену нәтижесін өзі бағалап, тиісті тұжырымдар жасай білу дағдылары қалыптасуы керек.

Атап айтқанда, осы бағытта әр оқушы жаңа ұлттық әліпбиді үйрену әрекеттерін өздері саналы жоспарлай білуге дағдылануы тиіс. Тек осындай саналы түрде ұйымдастырылған әрекет, еңбек негізінде ғана оқушылардың жаңа ұлттық әліпбиді оқып-үйрену әрекетінің педагогикалық-психологиялық қырлары мақсатты түрде қалыптасады.

Жоғарыда қарастырылған оқытудың педагогикалық-психологиялық жалпы талаптары жалпы алғанда жаңа ұлттық әліпбиді оқытып үйретудің методологиялық негізінің бір аспектісін құрайды. Осы сипатта жаңа ұлттық әліпбиді оқытып үйрету жүйесі негізінің бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жақсылықова К. Қазақ тілін модуль арқылы оқыту: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2018.
- 2 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – Спб: Издательство «Питер», 2000.

Материал редакцияға түсті: 22.04.2020

СЕЙСЕМБАЙ, Т.Т., АЛИМБАЕВА, Ж.М.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРЕПОДАВАНИЯ АЛФАВИТА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА НА ЛАТИНСКОЙ ОСНОВЕ

Современный национальный алфавит является результатом многолетнего опыта национального письма. Потому что казахский алфавит – это не только система букв, которая подчеркивает фонемы, но и представитель в письменной форме, отражающий казахскую письменность, культуру и историю. В данной статье рассматриваются педагогические и психологические аспекты изучения национального письма.

Ключевые слова: национальный алфавит, педагогика, психология, орфография, методика.

SEYSEMBAY, T.T., ALIMBAYEVA, ZH.M.

PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL ASPECTS OF TEACHING THE KAZAKH ALPHABET ON A LATIN BASIS

The modern national alphabet is the result of many years of experience in national writing. Since the Kazakh alphabet is not only a system of letters that mark phonemes, but also a representative in writing, reflecting the history, culture, and history of the Kazakh language. The proposed article examines the psychological and pedagogical aspects of the development of our national writing.

Key words: national alphabet, pedagogy, psychology, spelling, methodology.